

БІРЛЕСІП ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ КЕЛІСІМ - ШАРТЫ 27

Қызылорда қаласы

«11» 04 2025 ж.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК бұдан әрі аталушы – «Медициналық білім беру ұйымы» колледж директоры Калмакова Жанар Амангелдиевна жарғы негізінде әрекет етуші бір жақтан, ШЖҚ КМК № 3 қалалық емхана бұдан әрі аталушы «Клиника» бас дәрігері Қожарипова Жанат Шайхисламовна жарғы негізінде әрекет етуші, екінші жақтан бірлесіп аталушы «Тараптар», жеке алғанда, жоғарыда көрсетілгендер немесе «жақтар», кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы және облыстық денсаулық сақтау басқармасының 30.03.2023 жылғы №149-шы «Қызылорда медициналық жоғары колледжінің өндірістік тәжірибе базаларын бекіту туралы», бұйрығына сәйкес төмендегі міндеттері бойынша осы келісім – шарт жасады.

I. Терминдер және анықтамалар:

1. Келісім – шартта төменде көрсетілген ұғымдар келесі мағынаны білдіреді:

1) «Келісім – шарт» – Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, медициналық оқу орны, клиника және білім алушы арасындағы жасалған азаматтық-құқықтық акт, келісім-шартқа отырушы тараптармен жазба түрінде бекітіліп, қажетті құжаттармен толықтырылған;

2) «Ереже», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 «кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген;

3) «Базалық бөлімдер» - Білім беру мекемесінің «оқу бөлмелері» орналасқан мамандандырылған клиникалық бөлімдер, зертханалар және клиниканың қосалқы бөлімдері;

4) «білім алушылар»-«Мамандықтар бойынша дәріс алатын студенттер;

5) «құрал-жабдықтар» –білім беру және емдеу процессіне қажетті медициналық құрал-жабдықтар, медициналық бұйымдар, оқу құрал-жабдықтары (муляждар);

6) «оқу бөлмелері» –білім беру үрдісі мақсатында білім беру ұйымының қолданысына арналған емдеу мекемесінің бөлмелері;

7) «жұмысшылар тараптары» – тараптармен еңбек қатынастарында тұратын, тарап атынан немесе тапсырыса мен келісім негізінде және сенім негізінде бөлек қызмет атқарушы тұлғалар..

2.Қосымша түсініктемелер:

Келісім – шарт тармағында көрсетілген кейбір түсініктемелер, ҚР «Білім туралы» Заңына және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау саласы» кодексіне сәйкес алынған.

2.Келісім – шарт мәні

3.Келісім – шартқа сәйкес қызмет етуші жақтар өздерінің зияткерлік, еңбектік, материалдық және басқа да күштерін келісім – шартта көрсетілген жұмыстарды орындау үшін, бірігіп қызмет атқаруға міндеттенеді.

4. Келісім – шартта көрсетілген уақыт аралығында «клиника» білім беру ұйымының клиникалық базасы болып табылады.

5. Осы келісім – шарт- екі жақтың құқықтық қатынастарын жүйелейтін басты құжат болып табылады, бірлескен қызметтің шарттарын анықтайды және Тараптардың стратегиялық міндеттеріне және мақсаттарына, қызығушылықтарына жауап беретін, біріккен жобалар мен бағдарламаларды құрастыру және жүзеге асыру үшін құқықтық негіздеме болып саналады.

Екі жақтың бірігіп қызмет жасауының кейбір шарттары, ҚР заңына қайшы келмейтін, келісім – шартқа қоса тіркелетін жұмыс бағдарламасында және азаматтық – құқықтық келісім – шарт негізінде арнайы хат алмасу арқылы жүргізіледі.

6. Осы келісім-шартқа қол қою:

1) екі жаққа қаржылық және басқада міндеттер жүктемейді, тек қана келісім-шартта немесе жазба түрінде тіркелген қосымшада көрсетілген міндеттерді орындауға ғана жүктейді;

2) екі жақтың өз бетінше өндірістік-шаруашылық жұмыс жасауына, үшінші жақпен келісім-шартқа отыруына және басқа ұйымдармен қарым-қатынас жасауына қарсылық жасамайды.

3. Клиникада оқытудың бағыты және мазмұны

7. Клиникада жүргізілетін оқытудың негізгі мақсаты- мамандықтар бойынша дәріс алатын студенттерде кәсіби тәжірибелік іс-машықты қалыптастыру, оқу бағдарламасына сәйкес, жалпы және кәсіби құзырет тәжірибесін игерту.

8. Клиникада оқыту практика бағдарламасына және оқу жоспарына сәйкес жоспарлы түрде жүргізіледі. Клиникалық практика жүргізілуінің әр бөлімінің бағыты, мазмұны, бағалануы оқытушы, практика жетекшісі және студенттің қатысуымен анықталады.

Келісім –шартқа отырушы жақтардың міндеттері және жауапкершіліктері.

4. Білім беру ұйымының міндеттері және жауапкершіліктері.

9. Мамандықтар бойынша оқу бағдарламасының негізгі бөлімі болып табылатын оқу, оқу-өндірістік және диплом алды өндірістік тәжірибенің жоспарын дайындайды және бекітеді, клиникамен бірлесіп практика бағдарламасын, мазмұнын, атқарылатын жұмыстардың түрлерін және практика қорытындысын анықтайды;

10. Оқу жоспарының орындалуына әкімшілік тарапынан басшылық жасайды. Емтихандардың жүргізілуіне, студенттердің бағалануына, оқытушының, практика жетекшілерінің студентпен бірге оқу процесіне қатысуына жауап береді.

11. Мамандықтар бойынша дәріс беретін пән оқытушыларының ішінен оқу-өндірістік, және диплом алды практиканың жүргізілуіне басшылық жасайтын оқытушыны тағайындайды.

12. Мамандықтар бойынша оқу бағдарламасының жоспарына сәйкес (оқу жоспары, оқу процесінің кестесі), жүргізілетін тәжірибелік сабақтардың уақытын белгілейді.

13. Клиникалық базаларда жүргізілетін тәжірибелік сабақтардың жоспарға сай уақытылы өткізілуіне, оқу бағдарламасының орындалуына басшылық жасайды, соның ішінде еңбек қауіпсіздігі, тіршілік қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелерінің талапқа сай орындалуын қадағалайды.

14. Мамандықтар бойынша оқытын студенттердің еңбек құқығының сақталуына басшылық жасайды. (ҚР еңбек кодексінің ережелерін сақталуы)

15. Емдеу мекемесінен практика жүргізетін және оқу - өндірістік, өндірістік практиканың жүргізілуіне бекітілген практика басшысымен бірлесе отырып, практика өту барысында студенттердің жалпы және кәсіптік құзыреттілік талаптарын игеруіне баға береді;

16. Практика өту барысын дәлелдейтін міндетті іс құжаттарды (күнделік, есеп, пікір, мінездеме) және бағалау түрлерін клиникамен келісіп, бірлесе жасайды;

17. Тәжірибелік сабақтардың сапасын арттыру мақсатында пән оқытушыларын, оқу бөлмелерін тәжірибелік сабақтар жүргізуге қажетті оқу құралдарымен, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді.

18. Білім беру ұйымынан бекітілген практика жетекшісі, пән оқытушысы

- 18.1. Студентке қойылатын талап, ұсынылған оқу әдебиеті, оқу, оқу-өндірістік, өндірістік практиканың ұйымдастырылуы және жүргізілу есебі бойынша инструктаж жүргізеді;
- 18.2. Практика өту барысында студентке әдістемелік көмек көрсетеді, практиканың уақытылы және мазмұнына сәйкес жүргізілуіне басшылық жасайды;
- 18.3. Клиникада студенттердің практика өтуіне дұрыс жағдайдың жасалуына басшылық жасайды. Олармен еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және емдеу мекемесінің ішкі тәртіп ережесін сақтау жөнінде инструктаж жүргізеді.
- 18.4. Үш жақты талапқа сәйкес (практика басшысы, практика жетекшісі және студент) бірлесе отырып, студенттердің оқу процесінде алған білімдерін жұмыс орнында бағалайды;
- 18.5. Бірлесе отырып, студенттердің практика барысында алған білімдерін, игерілген іс – машықтарын бағалайды;

5.Емдеу мекемесінің (клиниканың) міндеттері және жауапкершіліктері.

- 19.Клиника – практикалық сабақтарды жүргізуге, жалпы практикаға басшылық жасауға, студентке үйретуге қабілеті бар тәжірибелі мамандарды тағайындайды; Практикалық сабақтарды жүргізетін оқытушы, практика жетекшісі – бұл клиникада жүргізілетін оқу, оқу-өндірістік, диплом алды өндірістік практикалық сабақтарды жоспарлайтын және практикалық сабақтардың жүргізілуін клиника атынан бағалаушылар. Клиника оқу орнына емдеу мекемесінің жұмыс жасау тәртібі, қоршаған ортасы және қызметтік міндеттері туралы ақпарат береді. Клиника әкімшілігі, практика жетекшілерінің, мекеме қызметкерлерінің келісім – шартта көрсетілген оқу, оқу-өндірістік, диплом алды өндірістік тәжірибе сабақтарын жүргізу барысында өз міндеттерін толық орындауын қадағалайды.
- Әр студенттің сапалы практика өтуі үшін, оқу бөлмесін ашады және студенттер киім ауыстыратын орынмен қамтамасыз етеді, жұмыс орнында еңбекті қалай ұйымдастыру қажеттілігі жөнінде шешім шығарады.
- 20.Практикалық сабақтарды жүргізетін оқытушы, практика жетекшісі:
- 20.1. Мамандықтар бойынша білім бағдарламасына сәйкес оқу, оқу-өндірістік, өндірістік практиканың ұйымдастырылуына және өткізілуіне қатысады;
 - 20.2. Оқу-өндірістік, өндірістік практиканың жүргізілуін білім беру оқу орнымен емдеу мекемесінен жетекші бірлесе отырып, ұйымдастырады;
 - 20.3. Мамандықтар бойынша дәріс алатын студенттерді жұмыс бағдарламасына, және оқу - өндірістік, өндірістік практиканың өту кестесіне сәйкес жұмыс орнына орналастырады;
 - 20.4.Студенттерді нақты жұмыс орындарымен және емдеу мекемесінің жұмыс құрылымымен, мақсатымен, міндетімен, ішкі тәртіп ережелерімен таныстырады;
 - 20.5.Студенттерге тәжірибе бағдарламасында қаралған манипуляцияларын, практика машықтығын толық көлемінде меңгеруіне тиісті ықпал жасайды;
 - 20.6.Студенттердің клиникалық тәжірибе өту кезеңінде меңгерген жалпы және кәсіби күзіреттілігін бағалау материалдарын құрастыруға қатысады ;
 - 20.7.Оқытушымен бірлесе отырып, студенттердің практикала өту кезеңінде алған жалпы және кәсіби күзіреттілігінің нәтижесін бағалауды ұйымдастыруға қатысады;
 - 20.8.Студенттердің клиникадағы ішкі тәртіп ережелерімен және жұмыс орнында қауіпсіздікті сақтау, өрттен қорғау ережелерімен таныстырады, еңбек қорғау талаптары бойынша нұсқау жүргізеді;
 - 20.9.Еңбек қорғау талаптарына және санитарлық ережелеріне сәйкес студенттерді тәжірибе өту кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді ;
- 21.Практика жетекшілерінің, практикалық сабақтарды жүргізетін оқытушылардың жұмысын бақылайды.

- 21.1. Студенттермен, практика жетекшілермен, практикалық сабақтарды жүргізетін оқытушылармен, практикалық сабақтардың өту сапасын анықтау және анықталған кемшіліктерді жою туралы жиналыс өткізеді, студенттерді клиниканың қоғамдық өміріне тартады;
- 21.2. Оқу – өндірістік және өндірістік практика өту қорытындысы бойынша аттестацияға қатысады.
22. Практика жетекшісі, практикалық сабақтарды жүргізетін оқытушы:
- 22.1. Мамандықтар бойынша білім бағдарламасына сәйкес оқу, оқу-өндірістік, және өндірістік тәжірибесін ұйымдастырады және өткізуіне қатысады;
- 22.2. Жұмыс жоспары бойынша студенттерді жұмыс орнымен қамтамасыз етеді;
- 22.3. Студенттердің практикалық іс – машықтарды игеру деңгейін тексереді, практикаға қатысуын, пәнге қызығушылығын, практикалық сабақтардың күнделікті сапалы жүргізілуін жүйелі тексеріп және күнделікке қол қояды.
- 22.4. Студенттердің жеке тапсырмаларды орындауына, практика есебіне қажетті біліктілік материалдарын жинақтауға көмек көрсетеді және бітіру кезіндегі біліктілігін анықтау жұмысына қатысады.
- 22.5. Білім алушылардың практика өту кезіндегі жұмысты орындау сапасын қадағалайды, студенттің игеру құзыреттілік деңгейін сипаттай отырып, орындалған практика туралы пікір береді.
- 22.6. Қажеттілігіне қарай оқу, оқу-өндірістік және өндірістік практика кезінде практика жетекшісі, практикалық сабақтарды жүргізетін оқытушы практика күнделіктерін тексереді, қол қояды.
- 22.7. Практика қорытындысы бойынша білім алушыларға өндірістік мінездеме береді, мінездемеде жұмыс сапасына баға береді, практика бағдарламасының орындалу нәтижесін, кәсіби білімі мен біліктілік сапасын, білім алушылардың өндірістік және қоғамдық жұмысқа көзқарасын және олардың практикалық іс – машықтықты меңгеру деңгейін көрсетеді.

6. Студенттердің мақсаты мен жауапкершіліктері

23. Студент мамандықтары бойынша жұмыс бағдарламасында қарастырылған практика бағдарламасын сапалы және толық орындайды;
24. Білім алушышының біліктілік жұмысына қатысты материалдарды жинақтайды және жүйелейді;
25. Клиниканың жұмыс кестесін, тәртібін және орындалатын жұмыстар туралы мәліметтерді және қауіпсіздік ережелерін сақтайды;
26. Мамандықтар бойынша білім бағдарламасына сәйкес оқу, оқу-өндірістік және өндірістік тәжірибе сабақтарының ұйымдастырылуы жөнінде оқытушыдан, практика жетекшісінен және практика басшысынан кеңес алады;
27. Оқу, оқу-өндірістік және өндірістік практика өтуі бойынша практика күнделігіне жазба түсіреді және оны практика басшысына, тәлімгер-менторға жазбаша есебін, тапсырмаларды орындағаны жөнінде күнделігін көрсетеді;
28. Еңбек қорғау ережесін, техника қауіпсіздігі ережелерін және өндірістік санитария ережелерін қатаң сақтайды;
29. Жұмыс орнындағы құрал-саймандарға, аппаратураларға жанашырлықпен қарайды және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.
30. Бөлімшедегі наұқастарға мейірімділікпен қарайды, жұмыс барасында әріптестермен этикалық қатынас сақтайды.

7. Қауіпсіздік ереже

31. Клиника (емдеу мекемесі) қауіпсіздік ережесінің заңнамаға сәйкес студенттің клиникалық тәжірбиесін өтуіне жауапты. Студент клиниканың жұмыс шарттарымен,

өндірістің, еңбектің әдіс-тәсілдерімен танысуы қажет. Клиника жұмыс шарттарының сақталуына, жабдықтарға бақылау жасауға және нұсқамаларды ұйымдастыруға жауапты.

8. Келісуді қажет ететін өзге сұрақтар

32. Егер студент оқу, оқу-өндірістік және өндірістік практика кезінде бөлімшенің тәртібін, қауіпсіздік ережесін сақтамаса, өрескел немқұрайлылық іс-әрекеттің нәтижесінде клиниканың мүлкіне, қызметкерлеріне және науқастарына нұқсан келтірсе, онда клиника студенттің тәжірибе өтуін тоқтатуға құқылы. Дау болған жағдайда білім беру мекемесі студентті басқа клиникаға ауыстыруға құқығы бар.

9. Келісім шарттың мерзімі және оның бұзылуы

33. Бірлесіп жұмыс жасау туралы келісім шарт үнемі күшінде болады. Егер екі жақтың біреуі бірлесіп жұмыс жасау туралы келісім шартты бұзғысы келсе, жазбаша ескерту алғаннан кейін, шартты бұзу өз күшіне екі аптадан кейін енеді.

10. Екі жақты бірлескен нұсқау

34. Егер басқасы жазбаша келісім шартпен қаралмаса, онда мекеме және екі жақты бірлескен нұсқау, соның ішінде құқықтық шартты жүргізу жұмысы тапсырыс берушіге және серіктестерге жүктеледі:

- клиникаға;

- білім беру мекемесіне;

35. Әрекеттестік мақсатында екі жақты шартқа жауапты тұлғалар тағайындалады:

- білім беру мекемесінен – практика басшысы және пән оқытушылары;

- клиникадан – практика жетекшісі және практикалық сабақтарды жүргізілетін оқытушылар;

11. Сапалы білім беру процесінің шарттары

36. Оқу процессін тиісті ұйымдастыру мақсатында Клиника келесі шарттарды міндетіне алады:

1) оқу кабинеттерін білім беру ұйымына бекітуге;

Бекітілген оқу кабинеттер Қазақстан Республикасының күші бар заңнамасына, санитарлық нормалармен ережелерге сәйкес болуы тиіс;

2) Клиника қамтамасыз етеді:

- оқу бөлмелеріне ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және жөндеу жұмыстары кезінде білім беру ұйымын оқу кабинеттерімен қамтамасыз етуге;

- білім беру ұйымының мүлігін сақтау мақсатында оқу кабинеттерін арнайы техникалық қорғаныш құралдарымен және күзет-өрт дабыл құралдарымен қамтамасыз етуге;

3) Клиника білім беру ұйымына оқу процесі, ғылыми ізденіс жұмыстары, оқу, оқу-өндірістік және өндірістік практикалық сабақтарды жүргізу барысында медициналық техникалар мен құралдарын қолдану құқығын береді;

4) Қолданыстағы заңнамалар мен науқастар тарапынан қарсылық болмаған жағдайда, оқу процесінің талабына сәйкес, клиника білім алушыларды клиниканың барлық бөлімшілеріне, негізгі бөлімдерді қоса алғанда-ота бөліміне, жан сақтау бөлімшесіне, интенсивті терапия бөлімшесіне кіруге рұқсат етеді;

37. Клиника базасында орналасқан құралдармен бірлесіп жұмыс жасауды Клиника қамтамасыз етеді. Аталған жұмысты жүзеге асыру үшін Клиника жауапты маман (куратор) тағайындайды, маман жауапты:

- құралдармен жұмыс ережесін және қауіпсіздік іс-шаралары туралы студенттер және практикалық сабақ жүргізетін оқытушыларға инструктаж жүргізеді;

- практикалық сабақ жүргізетін оқытушыларға және білім алушыларға арнайы дайындықтан өткесін құралдармен жұмыс жасауға рұқсат беріледі.

- құралдарды тікелей көрсетілімдеріне байланысты қолдануды қамтамасыз етеді;
 - қауіпсіздік және құралдарды қолдану ережесін сақтауына, студент және практика жетекшілерінің құралдармен жұмыс жүргізуіне бақылау жасайды;
 - құралдардың техникалық қолдану ережесінің орындалуын қамтамасыз етеді;
38. Клиника аумағында орналасқан құрал жабдықтарды жөндеу және техникалық қамтамасыз ету жұмысы, құралдарды ішкі баланысына алған жақ қамтамасыз етеді.

12. Екі жақтың жауапкершілігі

39. Келісім шартта көрсетілген шарттар орындалмаған немесе толық орындалмаған жағдайда келісім-шартқа және ҚР заңнамаларына сәйкес жауапкершілік тартпайды.
40. Клиника территориясында орналасқан оқу кабинеттерінің және құралдардың сақталуына клиника жауапты.
41. Білім беру ұйымы қызметкерлерінің кінәсінен мүлікке зиян келген жағдайда, клиника 5 жұмыс күні ішінде келтірілген зиян туралы акт дайындайды, актіде екі жақтың комиссиясы бірлесіп кінәлі тұлғаны көрсетеді.
42. Клиника базасында жүргізілген барлық жұмыс түрінде еңбек қауіпсіздігін және денсаулықты сақтауды клиника шартсыз орындауға міндетті. Сондықтан екі жақтың қызметкерлері және үшінші тұлға білім алушылардың денсаулығына және өміріне қауіп төнген жағдайда барлық жауапкершілік клиникаға толығымен жүктеледі.
43. Келісім шартта көрсетілген міндеттерді толық орындауға күтпеген кедергі болған жағдайда, жақтар міндеттерді орындамағаны не толық орындалмағаны үшін босатылады.
44. Осы келісім шартта көрсетілген «күтпеген кедергілерге» жатады:
-кез келген апаттар және осы жағдайларда қайта қалпына келмейтін жағдайлар;
-жақтардың бақылауынан тыс және алдын ала болжауға немесе әртүрлі тәсілмен болдырмауға болмайтын жағдайлар.
45. Күтпеген кедергілер болған жағдайда, жақтар келісім шартты орындаудың жолдарын қарастыруға және келісім шарт бойынша жұмыс жасауды жалғастыру туралы шешім қабылдауға міндетті.

13. Құқық және қолданылатын құқық

46. Осы келісім шарт Қазақстан Республикасының материалдық құқықты сақтау нормасына сәйкес жүргізіледі.
47. Жақтар бірлесіп жұмыс істеу барысында, әртүрлі сұрақтарды шешуде өзара келісімге қол жеткізуге ұмтылады.

14. Келісім шарттың мерзімі

- Осы келісім шарт жақтармен қол қойған күннен бастап күшіне енеді және оқу процесі басталған уақыттан бастап шектеусіз мерзімде күшін сақтайды немесе келісім шартта тұрған жақтар өз міндеттерін толық орындағанша күшін сақтайды.
48. Осы келісім шарт бұзылады:
- 1) кез-келген уақытта екі жақтың жазбаша келісімімен;
 - 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, келісім-шартта көрсетілген негізде, бір жақтың өтініші бойынша;
49. Келісім шарт жақтардың бірінің бастамасы (инициативасы) бойынша тоқтайды:
- 1) Осы келісім шарт міндеттерін жақтардың бірі бұзса және ескертпеден кейін бір ай көлемінде кемшілікті қалпына келтіру жұмысы екінші жақты қанағаттандырмаса;
 - 2) Мерзімінен бұрын келісім шартты тоқтатудың өзіндік негізі болған жағдайда;
50. Келісім шарт бұзылған деп есептеледі, егер жақтардың біреуі келісім шарттың бұзылғандығы жөнінде ескертпе алған жағдайда немесе келісім шарттан бас тартқан жағдайда;

51. Келісімшарттың бұзылуы немесе оның тоқтатылуы, келісім шарт күшін жойғанша жақтарды- келісім шартта көрсетілген міндеттерін орындаудан босатпайды, сонымен бірге жақтар жауапкершіліктен босатылмайды.

15. Қорытынды ережелер

52. Келісім шарт мемлекеттік тілде екі данада түп нұсқада дайындалады, толық заңды күші бар, қол қойылып, жақтарға бір данадан берілуі қажет.

53. Келісім шарт міндеттеріне қосымша келісім ретінде өзгерістер мен толықтыруларды жазбаша түрде дайындап, жақтардың өкілдерімен қол, мөр қойып енгізуге болады.

Жақтардың мекен-жайы, реквизиттері өзгерген жағдайда, қосымша келісімсіз жазбаша ескертпе беру жеткілікті.

54. Клиника келісім шарт мазмұнымен және ақпарат көлемімен келіседі, келісімге және орындауға қатысты материалдармен құжаттарды, білім беру ұйымымен қолданылатын инновациялық технологияларды, оқыту тәсілі, материалдарды және медициналық білім беру ұйымының конфиденциалды ақпараттарын қолдануға келіседі.

55. Бірігіп жүргізілген ғылыми және зерттеу жұмыстарының нәтижесі жақтардың зияткерлік ортақ меншігі болып табылады. Бірлесіп жасалған зияткерлік меншіктің әрбір жақ бірдей егесі болып табылады. Жақтардың егелік құқығы өзара басқаша келісіммен бөлінуі мүмкін.

16. Екі жақтың заңды мекен-жайы мен құжаттары

ШЖҚ КМК Қызылорда медициналық
жоғары колледжі

АО «Народный Банк»

Қызылорда қаласы

Ы.Жахаев көшесі, 18

ЖСК KZ 74601A201000305121

БСН 990 140 000 969

БСК HSBKKZKX

№ 3 қалалық емхана ШЖҚ КМК

АО «Банк Центр Кредит»

Қызылорда қаласы

Жібек жолы даңғылы, 66

ЖСК KZ 118 560 000 005 881 390

БСН 110 940 004 403

БИК KСJBKZKX



Колледж директоры

Ж.А. Калмакова



Бас дәрігер

Ж.Н. Қожарипова